

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ-нің
«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**

«КЕЛІСІЛДІ»
«Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
басшысы:
 Н.С.Калниязова

БЕКТЕМІН
«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-
балабақшасы» МКҚК басшы м.а:
 С.С.Баймағамбетова

**«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның
Ішкі жұмыс тәртібі туралы Ережесі**

**Хромтау қаласы
2024 жыл**

**«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Ішкі жұмыс тәртібі туралы Ережесі**

1. Жалпы ережелер

«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның Ішкі жұмыс тәртібі туралы Ережесі мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне, тәрбиеленушілері мен олардың ата-аналарына (заңды өкілдері) арналып құрылған жұмыс тәртібі.

Осы Ереже «№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК –ның тәрбиеленушілерінің ішкі тәртібін, тәрбие-білім беру қызметінің режимін, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі талаптарды айқындайды және регламенттейді.

Ереже мына құжаттардың негізінде әзірленді:

1. «Білім туралы» ҚР Заңы. 27.07.2007ж.№319 ;
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары»
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары
4. Білім беру ұйымының Жарғысы;
1.Мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен кәмелетке толмаған тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) арасындағы қарым-қатынас бала балабақшаға қабылданған сәттен бастап туындайды, бала шығарылған сәттен бастап тоқтатылады, тараптардың өзара құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін қамтитын шартпен реттеледі.
2.Ішкі тәртіп Ережесі мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмысын, тәрбиеленушілер контингентін және олардың жеке ерекшеліктерін, климаты мен жыл мезгілін ескере отырып, сәйкесінше өзгерістер мен толықтырулар жасалып, түзетіледі.

2. Тәрбиеленушілердің күнбе-күнгі режимін ұйымдастыру

- 1.Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің режимінің негізі ұйқы мен оянудың, тамақтанудың, гигиеналық және сауықтыру процедураларының, тікелей білім беру іс-әрекетінің, серуендеудің және балалардың өзіндік іс-әрекетінің белгіленген тәртібі болып табылады.
- 2.Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмыс режимі және онда тәрбиеленушілердің болу ұзақтығы мектепке дейінгі білім беру мекемесінің Жарғысымен анықталады:

Жұмыс кестесі- сағат 7.30 - дан 18.00-ге дейін;
Тәрбиеленушілердің болу ұзақтығы- 10,5 сағат;
Жұмыс аптасы- Дүйсенбі- жұма 5 күндік;
Демалыс күндері – сенбі, жексенбі, мемлекеттік мереке күндері.

- 3.Мектепке дейінгі білім беру мекемесі баланың психофизикалық дамуына сәйкес бейімделу кезеңінде тәрбиеленушілер үшін икемді болу режимін ұйымдастырады
4. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының оқу-тәрбие үдерісінің басталу және аяқталу мерзімдерін Қазақстан Республикасының білім саласындағы уәкілетті орган белгілейді.
5. Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес, оқу-тәрбие үдерісінің ауысымдылығын ескере отырып, мекеме әкімшілігі қызметкерлердің жұмыс уақыты режимі мен балалардың оқу-тәрбие режимін өз бетімен белгілейді. Оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуы туралы ұйым басшысы бұйрық шығарады.

Мекеменің жұмыс уақыты режимі мен тәрбиеленушілердің оқу-тәрбие режимі төмендегідей бекітіледі:

- 07.30– 08.00 Балаларды қабылдау, ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру, балалардың дербес әрекеті, таңертеңгі жаттығу
- 08.00– 08.30 Таңғы асқа дайындық, таңғы ас
- 08.30– 09.00 Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық
- 09.00 – 11.00 Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет
- 11.00 - 11.15 Екінші таңғы ас
- 11.15 – 12.30 Серуендеуге дайындық, серуендеу
- 12.30 – 12.40 Серуеннен оралу
- 12.40 – 13.10 Түскі асқа дайындық, түскі ас
- 13.10 - 15.10 Күндізгі ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы
- 15.10 – 15.40 Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары
- 15.40 – 15.50 Бесін ас
- 15.50 – 16.30 Балалардың дербес әрекеті, балалармен жеке жұмыстар
- 16.30 – 17.10 Серуенге дайындық, серуен, қимыл-қозғалыс ойындары
- 17.10 – 17.20 Серуеннен оралу
- 17.20 – 17.35 Кешкі ас
- 17.35 – 17.50 Балалардың дербес әрекеті
- 17.50 - 18.00 Балалардың үйге қайтуы

Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша бекітілген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі;
- 2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;
- 3) мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;
- 4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады;

6. Мектепке дейінгі білім беру мекемесі қажет болған жағдайда жазғы кезеңде топтарды біріктіруге құқылы (топтардың аз толуына, тәрбиешілердің демалысына, жөндеу уақытына және т. б. байланысты), сондай-ақ балалардың ерекшеліктері мен жас кезеңдерін ескере отырып, өз қалауы бойынша топтар құруға құқылы.

7.Топтар арнайы ұйымдастырылған іс-әрекетінің бекітілген жалпы кестесіне, білім беру жұмысының жоспарына және тәрбиеленушілердің жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жасалған режимде жұмыс жасайды.

8. Әр жас тобында күн тәртібі анықталған. Бұл ақпарат қабылдау топтарындағы ақпараттық стендтерде орналастырылған. Топқа алғаш барған кезде осы ақпаратпен танысып, мекемедегі балалар өмірін ұйымдастыру тәртібін ұстану қажет, бұл балалардың физикалық және психологиялық денсаулығын қорғауды және нығайтуды, білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етеді.

8.Төтенше жағдай режимі немесе жоғары дайындық режимі енгізілген жағдайда, оның ішінде қолайсыз эпидемиологиялық жағдайларда балабақшаның жұмыс режимі өзгертілуі және мекеме бойынша жергілікті актімен жұмысын тоқтатуы мүмкін.

9.Білім беру ұйымының барлық қызметкерлері үшін ішкі жұмыс тәртіп Ережесі міндетті болып табылады.

10. Арнайы ұйымдастырылған білім беру қызметі басшы бекіткен күнтізбелік кесте бойынша сағат 9.00 басталады.

1. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің орны сақталады:
1) тәрбиеленуші ауыртпалықпен, денсаулығы сақталмай және оны сақтауға емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсеткіші бойынша анықтама және қорытынды ұсынылған жағдайда) кездеседі;

3. Тәрбиеленушілердің орнының сақталуы мен мектепке дейінгі ұйымнан шығару тәртібі

11. Ұйымдастырылған іс-әректің кестесі тәрбиеленушілердің ақыл-ой жұмысының күнделікті және апталық динамикасын ескере отырып жасалады.

12. «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әректің алғашқы үш сағат білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі.

13. Жылды маусым басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін, сондай-ақ жазғы кезеңге көшуде дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен ашық ойындар өткізу ауа райының метеорологиялық жағдайлар көрсеткіштерінің жиынтығы (температура, салыстырмалы ылғалдылық және ауа қозғалысының жылдамдығы) бойынша анықталады.

14. Балағарды танертені қабылдау сағат 7.30-дан 8.00-ге дейін жүзеге асырылады.

15. Ата-аналар (занды өкілдер) мектепке дейінгі білім беру мекемесіне уақтылы келу білім беру процесін сапалы және дұрыс ұйымдастырудың қажетті шарты екенін білуі керек.

16. Егер ата-аналар (занды өкілдер) баланы кешкіртіп, рәжымдік сәт басталғаннан кейін келсе, баламен бірге кінә ауыстыратын бөлмеде тәрбиеленушіге танысу үшін күту керек.

17. Егер ата-ана (занды өкілдер) тәрбиеленуші білім беру процесін, баланың тоқта болу режимін ұйымдастыру бойынша сұрақтар туындаса, онда:

- оларды топ тәрбиеленушімен талқылауы керек (қажет болған жағдайда мектепке дейінгі білім беру мекемесінің мамандарымен, медицинамен)
- егер бұл мәселені шешуіме көмектеспесе, басшыға кіріп шешу керек.

18. Ауа және жанжалды жағдайлар туындаған жағдайда тәрбиеленушілерді қатыстырмай, (балаларды бөлмеге алып кетіп шешу керек.) шешуіме тырысу керек.

19. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ішінде дауыс көтеріп сөйлеуге болмайды. Мектеп қызметкеріне "Сіз", аты-жөнін атап, жасына қарамастан, қайда үнімен сөйлесу керек.

20. Педагог қызметкерлер ата-аналармен (занды өкілдермен) тәрбиеленуші туралы пікірлесуді, әңгімелесу мен келіссөздер беруді танертен 8.00-ге дейін және кешке 17.00-ден кейін өткізеді. Басқа уақытта тәрбиеленуші балалармен бірге болады және оны білім беру процесі кезінде ұйымдастыруға тыйым салынады.

21. Ата-аналар (занды өкілдер) баланы сағат 17.30-ге дейін алып кетуге міндетті.

22. Егер күтпеген кідіріс болған жағдайда, ата-ана (занды өкілдер) дереу топ тәрбиеленушімен байланысуы керек. Ескерту міндетті.

23. Ата-аналар (занды өкілдер) кемелетке толмаған балаларын тәрбиеленушілер тобының тәрбиеленушісіне жеке өзі тапсыруы керек.

24. Тәрбиеленушілерге баланы мас күйдегі адамдарға, кемелетке толмаған бауырларына беруге, жалғыз жіберуге қатаң тыйым салынады.

25. Егер баланы ата-анасы (занды өкілдері) баланы мектепке дейінгі мекемеден жеке ала алмаса, онда бұл туралы ата-анасының (занды өкілдерінің) жеке өтініштері бойынша баланы кім алып кететінін мектепке дейінгі мекеме актісіне алуына-ала хабарлау керек.

25. Мектеп жасына дейінгі баланың балабақшаға өз бетімен келуіне немесе біреулерге ертіп жіберуге яғни ата-анасының (занды өкілдерінің) ертіп жіберуіне келуіне қатаң тыйым салынады.

26. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің үй-жайында велосипедтерді, скутерлерді, арбалар мен шапаларды қалдыруға тыйым салынады. Мектеп актісіне жоғарыда аталған қараусыз қалған заттар үшін жауап бермейді.

27. Ауа - райы қолайсыз болған кезде (жауын-шашын) санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау мақсатында ата-аналарға (занды өкілдерге) және тәрбиеленушілерге ауыспалы аяқ киімді немесе аяқ киімді пайдалану ұсынылады.

- 2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа шығуы немесе емделуіне байланысты жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;
 - 3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин енгізілген кезеңде сақталады.
- 2.Тәрбиеленушілер мектепке дейінгі ұйымдардан шығарылады:**
- 4) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған жағдайда;
 - 5) тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген жағдайда;
 - 6) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

4.Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері:

- 1.Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері облыстық уәкілетті орган бекіткен шешім бойынша жиналады.
2. Ақтөбе облысының әкімдігінің 13.02.2023жылғы №31 Қаулысымен бекітілген 2023жылға арналған баланы мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ұстағаны үшін ата-анасының төлем мөлшері аудан орталықтарындағы қалалар үшін 700 теңге, ауылдық елді мекендер үшін 600 теңге болып бекітіледі;
- 3.Баланы мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ұстағаны үшін төлем ай сайын алдын-ала айдың 20-шы күнінен кешіктірілмей банк арқылы төленеді.
- 4.Төлемді растау чек, белгісі бар түбіртек, электрондық төлемнің скриншоты, онлайн-түбіртек және т.б. болып табылады, олар бала баратын топтың тәрбиешісіне тапсырылады.
5. Мекеменің есеп бөлімінде әр айдың ішінде баланың балабақшаға келмеуіне байланысты төлемақы мөлшеріне қайта есептеулер жүргізіліп отырады.

5. Тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау тәртібі

1. Тазалықты сақтау және тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауға жағдай жасау үшін ата-аналар (заңды өкілдер) мектепке дейінгі мекемеде ауыспалы аяқ киім немесе бахила киіп кіруге міндетті.
2. Балабақшаға уақтылы келу-тәрбие процесін сапалы және дұрыс ұйымдастырудың қажетті шарты екенін ата-аналар білуі керек.
3. Күнделікті таңертеңгілік қабылдауда ата-аналардан (заңды өкілдерден) топ тәрбиешілері баланың денсаулығының жай-күйі туралы сұрауға міндетті, сондай-ақ байланыссыз термометрия жүргізеді.
4. Ата-аналар (заңды өкілдер) баланы мектепке дейінгі мекемеге сау әкелуге және тәрбиешіге оның жағдайындағы қандай да бір өзгерістер туралы хабарлауға міндетті.
5. Тәрбиеленуші ауырып қалған жағдайда, таңғы сағат 7.30- 8.00-ге дейін бұл туралы тәрбиешілерге телефон арқылы хабарлау қажет.
6. Қабылдау кезінде жұқпалы аурудың айқын белгілері бар балалар топқа қабылданбайды.(бөртпе, қатты жөтел, мұрыннан су ағу, безгегі). Бұл жағдайда тәрбиеші ата-ананы баласымен бірге мектепке дейінгі мекемеге бекітілген медициналық қызметкерлеріне жібереді. Балалар топқа медицина қызметкерінің жазбаша рұқсатымен ғана қабылданады.
7. Егер күні бойы балада аурудың алғашқы белгілері пайда болса (безгегі, бөртпе, құсу, диарея және т.б.), ата-аналарға (заңды өкілдерге) бұл туралы тәрбиеші немесе медицина қызметкері хабарлайды және баланы мүмкіндігінше тезірек балабақшадан алып кетуін қамтамасыз етеді.
8. Баланың денсаулығына байланысты балабақшада болмауы туралы топ тәрбиешісіне ескертілу керек. Ауырғаннан кейін балалар мектепке дейінгі білім беру мекемесіне

медициналық мекеменің бланкілерінде медициналық қорытынды (медициналық анықтама) болған жағдайда ғана жіберіледі.

9. Балабақша әкімшілігі аурудың сыртқы белгілерінің пайда болуына байланысты баланы мектепке дейінгі білім беру мекемесінен қайтару туралы шешім қабылдау құқығын өзіне қалдырады. Баланың денсаулық жағдайын сыртқы белгілері бойынша тәрбиеші мен медбике анықтайды.
10. Егер баланың аллергиясы немесе денсаулығы мен дамуының басқа да ерекшеліктері болса, онда ата-ана (заңды өкіл) бұл жағдайда анықтама немесе басқа медициналық қорытынды ұсына отырып, тәрбиешілерге және медициналық персоналға хабарлауға міндетті.
11. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әкімшілігі ата аналары келгенге дейін бір күн ішінде балаларды оқшаулау туралы шешім қабылдау құқығын өзіне қалдырады немесе жедел жәрдем шақырады.
12. Егер балада тамақ немесе басқа да аллергия, сондай-ақ денсаулық пен дамудың басқа да ерекшеліктері болса, онда ата-ана (заңды өкіл) маман дәрігерлерден анықтаманы немесе өзге де медициналық қорытындыны ұсына отырып, әкімшілікке, тәрбиешілерге және медициналық персоналға хабарлауға міндетті.
13. Білім алушының (тәрбиеленушінің) шығуы туралы ата-ана (заңды өкіл) тәрбиешіге бір күн бұрын телефон арқылы хабарлауы тиіс.
14. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде балаларға ата-анасының (заңды өкілінің), топ тәрбиешілерінің кез-келген дәрі-дәрмектерін беруге немесе баланың дәрі-дәрмектерін өз бетінше қабылдауға тыйым салынады.
15. Мекемеде дәрі қабылдауға тыйым салынады. Емдеу немесе емдеуді жалғастыру және дәрілік препараттарды қабылдау қажет болған жағдайда мекеменің медицина қызметкеріне дәрігердің анықтамасы ұсынылуы тиіс.
16. Баланың туған күнін атап өтуге ниет білдірген ата-аналар (заңды өкілдер) мектепке дейінгі білім беру мекемесінде топ тәрбиешісімен осы мерекені топта өткізу дәстүрлері туралы сөйлесуі керек. Мектепке дейінгі мекемеге тағам әкелуге тыйым салынады.
17. Бөгде адамдарға әкімшіліктің рұқсатынсыз балабақша үй-жайында және аумақта болуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

6. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары

1. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі ғимараттың барлық жағын бақылайтын сыртқы және ішкі бейнекамераларын орнату арқылы бақыланады;
2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бейнебақылау жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген « Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар»-ға сәйкес келеді;
3. Бейнебақылау жүйесі арнайы бөлінген бөлмеде не арнайы күзет пунктінде (болған жағдайда) орналастырылады, жауапты тұлға басшы актісімен бекітіледі;
4. Бейнебақылаудағы ақпаратты сақтау мерзімі кемінде 30 тәулікті құрайды, қажетті жағдайда архивтік бейнеақпаратты көшіріп сақтауға болады;
5. Бейнебақылау жүйесі білім беру ұйымдарының үй-жайларындағы және оған іргелес аумақтардағы ахуалға бақылау жүргізуге, жағдайды бағалауға және адамдар мен объектілерді сәйкестендіруге, сондай-ақ объектіге рұқсатсыз ену фактісін көзбен шолып растауға мүмкіндік береді;
6. Бейнебақылау жүйесінің үздіксіз жұмысы қатаң бақыланады, мекеме басшысы бейнебақылаулардағы жазбалар мен ақпараттарға айына бір рет талдау жүргізіп, жіберілген кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтар журналға тіркеледі, дер кезінде тәртіптік шарасы алынып отырады;

7. Мекеме қызметкерлерінің, ата-аналардың жазбаша өтініші негізінде даулы мәселелер туындаған жағдайда ғана бейнебақылаудан тәртіп бұзушылықтардың болуын қарау мүмкіндігі мекеме басшысының рұқсатымен қамтамасыз етіледі;
8. Жарақат алу жағдайларын болдырмау үшін ата-аналар баланың киіміндегі қалталарда қауіпті заттардың бар-жоғын тексеруі керек. Балабақшаға өткір, кескіш, шыны заттарды, сондай-ақ ұсақ заттарды (моншақтар, түймелер және т.б.), таблеткалар мен басқа да дәрі-дәрмектерді әкелуге қатаң тыйым салынады.
9. Тәрбиеленушілерге балабақшаға сағыз және басқа да тамақ өнімдерін (кәмпиттер, печенье, чипсы, крекер, сусындар және т.б.) әкелуге тыйым салынады.
10. Тәрбиеленушілерге алтын және күміс зергерлік бұйымдарды кию, қымбат ойыншықтар, ұялы телефондар, сондай-ақ қаруға еліктейтін ойыншықтар беру ұсынылмайды. Алтын және күміс заттар, сондай-ақ қымбат заттар үшін балабақша әкімшілігі жауап бермейді.

7. Тәрбиеленушілердің күнделікті ашық ауада серуендеу тәртібі

1. Барлық жастағы топтардың тәрбиешілері тәрбиеленушілердің ағымдағы оқу жылы мен жазғы сауықтыру кезеңіне бекітілген күн тәртібі мен білім беру қызметіне сәйкес серуендеуін ұйымдастырады.
2. Күнделікті серуендеу ауа-райы жағдайына қарай аумақтың ғимаратына іргелес ойын алаңдарында рұқсат етіледі.
3. Мекемеде тәрбиеленушілер күніне 2 рет (күннің бірінші және екінші жартысында) серуенге шығады.
4. Ауа температурасы минус 15 С° - тан төмен және желдің жылдамдығы 7 м/с-тан жоғары болған кезде балалар үшін серуендеу ұзақтығы қысқарады, өзге жағдайларда ата-аналардың (заңды өкілдердің) тәрбиешілер мен мекеме әкімшілігінен осы режимдік сәттің күшін жоюды талап етуге құқығы жоқ.
5. Жазғы уақытта балаларды таңертеңгі қабылдау көшеде жүзеге асырылады, ауа-райының қолайсыз күндері (жауын-шашын) ерекше жағдай болып табылады.
6. Жазғы уақыт кезеңінде 01 маусымнан 31 тамызға дейін ауа-райы қолайлы болған жағдайда балалардың білім беру қызметі таза ауаға ауысуы мүмкін, бұл кезең сауықтыру болып саналады.

8. Тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыру тәртібі

1. Тәрбиеленушілердің күн тәртібінде тамақ қабылдауы қатаң регламенттелген, ата-аналар (заңды өкілдер) балаларды тамақтандыру уақытын есте сақтауға және білім алушыны (тәрбиеленушіні) тамақ қабылдау мүмкіндігінен айырмауға, оны тамақтандыру кезінде алмауға, көрсетілген уақытқа алып келуге тиіс.
2. Мекемеге кез-келген тамақ, тәттілер, су және басқа сусындар әкелуге тыйым салынады.
3. Тағамның сапасын (әртүрлілігін), тағамның витаминденуін, тамақ өнімдерін салуды, аспаздық өңдеуді, тағамның шығуын, тағамның дәмдік қасиеттерін, ас блогының санитарлық жай-күйін, сақталуының дұрыстығын, өнімдерді өткізу мерзімдерінің сақталуын бақылау медбикеге және мектепке дейінгі білім беру мекемесінің бракераж комиссиясына жүктеледі.
4. Ұйымдастырылған тамақтану арнайы бекітілген ас мәзірімен жүзеге асырылады, ас мәзіріндегі тағамдарды алмастыру мекеме медбикесі мен басшының келісімімен жүргізілуі мүмкін.

9. Мекемеде күндізгі ұйқыны ұйымдастыру тәртібі.

1. Мекемедегі тәрбиеленушілердің күндізгі ұйқысы арнайы белгіленген кесте бойынша жатын бөлмелерінде ұйымдастырылады.
2. 1 жастан 3 жасқа дейінгі балалар үшін күндізгі ұйқының ұзақтығы кемінде 3 сағатты, 4-5 жастағы балалар үшін кемінде 2,5 сағатты құрайды.
3. Балалардың ұйқысы кезінде жатын бөлмесінде тәрбиешінің (оның көмекшісінің) болуы міндетті болып табылады.
4. Тәрбиеленушілердің күндізгі ұйқысы кезінде жатын бөлмелерде тыныштықтың болуын тәрбиешілер қамтамасыз етуге міндетті.
5. Жатын бөлменің температурасы мен тазалығы, төсек жабдықтарының алмастыру кезегі талаптары қатаң сақталуы қадағаланады.
3. Күндізгі ұйқыдан кейін барлық топтарда сергітетін гимнастика және қатайту шаралары өткізіледі.
4. Ата-аналарға күндізгі ұйықтау кезінде баланы үйге алып кетуге сұраныс жасауға тиым салынады.

10. Тәрбиеленушілердің сыртқы келбеті мен киіміне қойылатын талаптар:

1. Ата-аналар (заңды өкілдер) баланы ұқыпты, таза киім мен аяқ киіммен әкелуге міндетті.
2. Баланың киімі күн сайын ауа-райына, ауа температурасына және қозғалыс белсенділігін ескере отырып таңдалады. Киім қозғалысты шектемеуі керек, еркін тыныс алуға, қан айналымына, ас қорытуға кедергі келтірмеуі керек, теріні тітіркендірмеуі немесе зақымдамауы керек. Тығыз белдіктер мен биік, тығыз жағаларға жол берілмейді.
3. Тәрбиеленушілердің киімдерінде бөтен иістердің болмауы (парфюмерия, темекі) қадағаланады.
4. Егер тәрбиеленушінің сыртқы түрі мен киімі ұқыпсыз болса, тәрбиеші ата-аналарға (заңды өкілдерге) балаға тиісті күтімді талап етуге құқылы, ескерту жасауға міндетті.
5. Тәрбиеленушінің мектепке дейінгі білім беру мекемесінде болуына қолайлы жағдай жасау үшін ата-ана (заңды өкіл) өз баласына келесідей жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті:
 - ✓ - Ерекше талап – балаға өзін-өзі күту процесінде ыңғайлылық болуы;
 - ✓ - Ауыстырылатын іш киімнің кемінде екі жиынтығы болуы;
 - ✓ - Ұйқыға арналған киім жиынтығы (пижама) болуы;
 - ✓ - Таза және пайдаланылған киімді сақтауға арналған сөмкенің болуы ;
 - ✓ - Күні бойы ұқыпты көріністі сақтау үшін жеке тарақ (пластмасса) болуы;
 - ✓ - Бір рет қолданылатын қағаз орамалдардың болуы;
 - ✓ - Залда дене шынықтырумен айналысу үшін арнайы спорттық форма болуы; (футболка, кара шорт немесе спорттық шалбар, шұлық және ақ табаны бар спорттық аяқ киім (аяқтың өлшеміне сәйкес).
 - ✓ - Музыкалық сабақтар үшін чешки (аяқтың өлшемі бойынша) болуы;
 - ✓ - Жылы мезгілде серуендеу үшін бас киім (панама, жеңіл қалпақ, қалпақ) болуы;
6. Ата-аналар (заңды өкілдер) балдарының шкафтарын күнделікті тексеріп отыруы керек.
7. Ата-аналар (заңды өкілдер) жоғалтуды немесе кездейсоқ алмасуды болдырмау үшін баласының киімдеріне белгі, заттарын таңбалауы керек;
8. Балаға алтын және күміс зергерлік бұйымдарды киюге, қымбат ойыншықтар, ұялы телефондар, , сондай-ақ ойыншықтар беруге тыйым салынады.

11. Ынталандыру және тәртіптік ықпал ету шаралары:

1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиеленушілеріне тәртіптік жаза қолданылмайды. БАЛАЛАРҒА ЖАЗА ҚОЛДАНУҒА ҚАТАҢ ТИЙІМ САЛЫНАДЫ.
2. Тәрбиеленушілерге қатысты физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықты балабақша қызметкерлері, сондай-ақ ата-аналар (оларды алмастыратын адамдар) тарапынан қолдануға жол берілмейді.
3. Топта балаларға бір-бірін ұруға, ренжітуге, рұқсатсыз біреудің затын, сонымен қатар үйінен алып келген баланың ойыншығын алуға, басқа балалардың қолдан жасаған еңбегін бұзып, сындыруға тыйым салынады.
4. Балаларға бір-біріне қарсы шығу, ұрып-соғуға рұқсат етілмейді. Бұл талаптар әрбір баланың қауіпсіздігі үшін жасалған.
3. Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі тәртіп білім беру қатынастарының барлық қатысушыларының адами қадір-қасиетін құрметтеу негізінде сақталады.
4. Тәрбиеленушілерді білім беру, спорттық, шығармашылық жетістіктері үшін көтермелеу балабақшадағы ұйымдастырылған іс-шаралар конкурстардың, жарыстардың және басқа да іс-шаралардың қорытындылары бойынша өткізіледі. (грамматалар, дипломдар, алғыс хаттар, сертификаттар, сыйлықтар тапсыру.)
5. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әкімшілігі жылына бір рет ата-аналар алдында есен береді, жыл қорытындысымен ата-аналарды ынталандыру, мадақтаулар шараларын жүргізеді.

11. Ынтымақтастық талаптары:

1. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар (заңды өкілдер) арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты» сәйкес шартпен реттеледі.
2. Тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) педагогтермен, мамандармен және мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әкімшілігімен табысты бейімделу және оны дамыту үшін, қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуге жағдай жасау үшін ынтымақтаса жұмыс істеуге міндетті.
3. Ата-аналардың кеңесі, қамқоршылық кеңес мүшелері отырыстары жоспарлы түрде ұйымдастырылып, мекеменің дамуына ықпал етуі тиісті.
4. Ата-ана (заңды өкіл) тәрбиешілерге, мамандарға, әкімшілікке тәрбиеге қатысты барлық мәселелерде педагогикалық қолдау көрсетуі керек.
5. Әрбір ата-ана (заңды өкіл) білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымды басқаруға қатысуға құқылы.
6. Тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) өз балалары қатысатын топтың ата-аналар жиналыстарына және мектепке дейінгі білім беру ұйымының жалпы ата-аналар жиналыстарына қатысуға, сондай-ақ білім беру ұйымдарымен бірлесіп білім беру процесіне белсенді қатысуға міндетті.
7. Мектепке дейінгі ұйымда болған өрескел тәртіп бұзушылық, тәрбиеші мен ата-аналар арасындағы даулы мәселелер бірінші мекеменің әкімшілігі жанында кеңесте қаралуы қамтамасыз етіледі және кеңесте қабылданған шешімнің орындалуы міндетті.
8. Тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) осы ішкі тәртіп Ережесін, мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен ата-аналар арасындағы шарттың талаптарын сақтауға және орындауға міндетті.